

1. Бірыңғай ұяң дауыссыз дыбыстан тұрған сөзді табыңыз.

- A) Иірімді
- B) Албырт
- C) Ғажайып
- D) Тұжырым
- E) Аягөз

2. «І» қандай дыбыс?

- A) Ашық, жуан, еріндік
- B) Ашық, жіңішке, езулік
- C) Еріндік, жіңішке, қысаң
- D) Езулік, жуан, қысаң
- E) Жіңішке, езулік, қысаң

3. Біріккен сөздегі ілгерінді ықпалды табыңыз.

- A) Ақ бала
- B) Қара қой
- C) Талдықорған
- D) Бозжан
- E) Бесжан

4. Ашық буынды табыңыз.

- A) ұн
- B) же
- C) өрт
- D) сән
- E) аппақ

5. Ауыспалы мағынадағы сөз қайсы?

- A) Қала қараңғы, күңгірт тұманның ішінде.
- B) Қасқыр, түлкі, есек – үшеуі кеңесіпті.
- C) Ондай әншіні көрген жоқпын.
- D) Майлаңқы сақал-мұрттар бір-бірін желпілдесіп қалды.
- E) Бар қымбат бұйымы осында сақтаулы.

6. Кәсіби сөздер қатарын табыңыз.

- A) мақта, атыз, масақ.
- B) бесақа, кәтте, кеуіл.
- C) экономика, авиация.
- D) қауға, бәдірен, сым.
- E) хан, патша, болыс.

7. Тұрлаулы мүшелері зат есімнен жасалған сөйлемді табыңыз.

- A) Бекмұқамбеттің ақыл-парасаты молдау еді.
- B) Ер жолдасы – тәуекел.
- C) Жадырап күлді тағы жер.
- D) Алтау ала болса, ауыздағы кетеді.
- E) Сай-салада сағым ойнаған саршаның тамызы.

8. Қабысуды табыңыз.

- A) Атамның үйі
- B) Күміс алқа
- C) Оқуға түсу
- D) Бөлменің терезесі
- E) Кеше келген

9. Есімше қандай сөйлем мүшесі болып тұр?  
*Көкшені анасындай сағынатын еді.*

- A) пысықтауыш
- B) анықтауыш
- C) толықтауыш
- D) бастауыш
- E) баяндауыш

10. Пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесін табыңыз.

- A) Жұмыссыз жүрді.
- B) Сұраққа жауап берді.
- C) Мектептегі оқушылар.
- D) Егіс алқабы.
- E) Самал жел.

11. Бұрынғы өткен шақтың жіктелген түрін табыңыз.

- A) келгендер
- B) қарағансың
- C) қамшылады
- D) жүзетінбіз
- E) жарысарсыңдар

12. Қайталама қос сөзді табыңыз.

- A) Құлагер, Тайбурыл.
- B) Буыншақ-түйіншек, әл-ауқат.
- C) Жиған-терген, үн-түнсіз.
- D) Әке-көке, ерке-шора.
- E) Ет-мет, бір-бірден.

13. Шектік мәндегі демеулік шылауды табыңыз.

- A) Мылтығы сарайған солдат осы қашып кетер-ау дегендей өкшесін басып келеді.
- B) Жазғы ауыл түгіл, қыстауды да бірге салдық.
- C) Олар елге пана-ды, олар елге аға-ды.
- D) Ақырын күнкілдеген дыбыстар ғана естіледі.
- E) Мейрам әлдекіммен телефон арқылы сөйлесті.

14. Мақсат үстеулерін табыңыз.

- A) Босқа, бекерге, амалсыздан
- B) Сонша, әжептеуір, бірталай.
- C) Әдейі, жорта, қасақана.
- D) Ақырын, әрең-әрең, лезде.
- E) Тысқары, артта, әрмен.

15. Матасуды табыңыз.

- A) Жұмыс іздеу
- B) Кітап оқу
- C) Кәсіподаққа мүше
- D) Мерекелік күн
- E) Құстардың ұшуы

16. Еркін сөз тіркесін табыңыз.

- A) Тісі батпау
- B) Тіс қаққан
- C) Тісін қайрау
- D) Тісін тазалау
- E) Тісі тісіне тимеу

17. «Сызықша» қойылмайтын орынды табыңыз.

- A) арақашықтықты білдіру
- B) жалпылауыш сөз
- C) төл сөз
- D) диалог
- E) дәйексөз

18. Бұйрық райды табыңыз.

- A) Ақылды адам айтқызбай біледі.
- B) Мына кітапты оқып көргейсің.
- C) Қордалы болса – жер семіреді.
- D) Уақытында жетсе игі еді.
- E) Біз бара салайық.

19. Жалпылауыш сөз қандай сөз таптарынан болады?

- A) Зат есім, үстеу, шылау.
- B) Есімдік, етістік, еліктеу сөздер.
- C) Есімдік, зат есім, сан есім.
- D) Сан есім, одағай, зат есім
- E) Сын есім, шылау, сан есім.

20. Жақсыз сөйлемді табыңыз.

- A) Жүз жиырма бес үй.
- B) Күз келді.
- C) Бізге көбірек оқу керек.
- D) Құлаққа ұрған танадай.
- E) Сылқ-сылқ күліп жіберді.

21. Себеп-салдар сабақтас құрмалас сөйлемді табыңыз.

- A) Молда маған орын нұсқаған соң, Оразәлі мен оның қасындағы бала араларын аша берді.
- B) Байжекең суырдың інін тереңдетіп қазып көрсе, ар жағы сіресіп жатқан тас көмір екен.
- C) Жел дауылды шақырады, бұлт жауынды шақырады.
- D) Жаманменен дос болсаң, сыртыңнан жүрер өсектеп.
- E) Бас болу оңай, – бастамақ қиын.

22. Деректі зат есімді табыңыз.

- A) байлық
- B) жақсылық
- C) арман
- D) жұдырық
- E) киындық

23. Күрделі сын есімді табыңыз.

- A) жып-жылы
- B) жалт-жұлт
- C) жапа-тармағай
- D) әп-сәтте
- E) шай-пай

24. Оңашаланған айқындауышты табыңыз.

- A) Жазда, шілденің басында, олимпиада басталады.
- B) Наурызда, мамырда мереке көп.
- C) Шыны керек, рас сөзді құптаймын.
- D) Байқаймын, абайлап сөйлейді екенсің.
- E) Қарағым-ау, қалқам-ау!

25. Бірыңғай мүшелерді табыңыз.

- A) Қонақ үйде тасшам жанып тұр.
- B) Желді түндерде Ақтөс қатты құтырады.
- C) Данияр ән салып келді.
- D) Өтебай – ауылнай.
- E) Көш алдында Тәкежан, Әзімбай, Майбасар бар-ды.

26. Түбірлес сөздерді табыңыз.

- A) Қуат, қуғызу
- B) Сусыз, сусу
- C) Ата, атақ
- D) Сый, құрмет
- E) Бауырлас, бауырмал

27. Біріккен сөздерді табыңыз.

- A) Әрі-сәрі, әзіл-оспақ.
- B) Белбеу, меймандос.
- C) Құпия, тыйым.
- D) Бүркіт, біраз.
- E) Сарыарқа, еріксізден.

28. Табыс септігіндегі сөзді табыңыз.

- A) Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ.
- B) Жүйріктері желмен тең.
- C) Өтірік сөз жанға қас.
- D) Тіл байлығы – ой байлығы.
- E) Өзін-өзі билеген ел бақытты.

29.Сөйлемдегі сан есімнің мағыналық түрін табыңыз.

*Жиналыс сағат сегіздерде басталды.*

- A) реттік
- B) есептік
- C) болжалдық
- D) жинақтық
- E) топтау

30.Жалаң сөйлемді табыңыз.

- A) Талай сырды ақтардық.
- B) Мен елдің елшісімін.
- C) Рахмет күлді, қуанды.
- D) Біздің замандасымыз қандай екен?
- E) Қазақстанның осынысы ұнайды.

1. Есептеңіз:  $0,2011 - 6 \cdot (5\frac{1}{4} \div 2,1 - 3) = ?$

- a) -2, 7989      b) 3,2011      c) 2,89945  
d) 2011      e) -2011

2. Есептеңіз:  $\sqrt[3]{(-3)^3} + \sqrt{(-3)^2} - \sqrt[4]{(-2)^4} = ?$

- a) -8      b) -2      c) 2  
d) 4      e) -4

3. Есептеңіз:  $\left\{ - \left[ - \left( -\frac{1}{3} \right)^{-2} \right]^{-1} \right\}^{-2} = ?$

- a) 9      b)  $\frac{1}{9}$       c)  $\frac{1}{81}$   
d) 81      e)  $-\frac{1}{81}$

4. Есептеңіз:

$$5\sqrt{12} - \sqrt{20} + 2\sqrt{18} + \sqrt{45} - 3\sqrt{8} = ?$$

- a)  $10\sqrt{3} + \sqrt{5}$   
b)  $4\sqrt{47}$   
c) 25  
d)  $4\sqrt{93}$   
e)  $5\sqrt{12} - \sqrt{20} + 2\sqrt{18} + \sqrt{45} - 3\sqrt{8}$

5. ABC – үшбұрыш,

$$\angle BAC = 90^\circ$$

$$\angle EDB = 90^\circ.$$

$$|ED| = 5 \text{ см}, |BD| = 12 \text{ см}$$

$$\text{және } |AC| = 10 \text{ см}, |EA| = ?$$

- a) 8      b) 9      c) 10  
d) 11      e) 12

6. Жауаптардың қайсысында екі түзу бір-біріне параллель?

- a)  $y = \frac{1}{4}x - 9$  және  $y = 0,25x + 8$   
b)  $y = -3x + 7$  және  $y = 3x + 7$   
c)  $y = \frac{5}{6}x - 3$  және  $y = \frac{6}{5}x + 11$   
d)  $y = -\frac{1}{3}x - 1$  және  $y = 3x + 1$   
e)  $y = 5x - 4$  және  $y = 0,2x - 7$

7. Шаңғышы 30 км жүгіріп өту керек. Бірақ ол 3 минутқа кеш шықты. Уақытында жету үшін жылдамдығын жоспарланғаннан 1 км/сағ-қа арттырды. Шаңғышы қандай жылдамдықпен жүгірді?

- a) 25 км/сағ.      b) 26 км/сағ.      c) 27 км/сағ.  
d) 30 км/сағ.      e) 35 км/сағ.

8. Функцияның анықталу облысын табыңыз:

$$y = \frac{\sqrt{9 - x^2}}{(x - 1)(x - 3)}.$$

- a)  $[-3; 1) \cup (1; 3]$   
b)  $[-3; 1) \cup (1; 3)$   
c)  $[-3; 3)$   
d)  $(-\infty; 1) \cup (3; +\infty)$   
e)  $[-3; 3]$

9. Көбейткіштерге жіктеңіз :

$$3x + xy^2 - x^2y - 3y;$$

- a)  $(3 - xy)(x - y)$   
b)  $(3 - x)(y^2 - x)$   
c)  $(x - y)(xy - 3)$   
d)  $(3x - y)(y + x)$   
e)  $(y + x)(xy + 3)$

10. Ықшамдаңыз :

$$\left( \frac{m}{m - 6} - \frac{2m}{m^2 - 12m + 36} \right) \cdot \frac{36 - m^2}{m - 8} + \frac{12m}{m - 6};$$

- a) 1      b) 0      c) m  
d) -m      e) m + 1

11. Ықшамдаңыз:

$$\frac{4y}{y^2 - x^2} - \frac{2}{y - x};$$

- a) 1      b)  $\frac{2}{y + x}$       c)  $\frac{2}{y - x}$   
d)  $\frac{2}{y}$       e)  $\frac{2}{x}$

12. Ықшамдаңыз :  $1 - \frac{1}{1 - \frac{1}{1 - \frac{1}{1 + a}}}$  ;

- a) 0                      b)  $1 + a$                       c)  $1 + \frac{1}{a}$   
d)  $a + \frac{1}{2a}$                       e)  $2a + 1$

13. Ықшамдаңыз :  $\sqrt{(2 - \sqrt{5})^2} + \sqrt{(3 - \sqrt{5})^2}$  ;

- a)  $5 - 2\sqrt{5}$   
b)  $2\sqrt{5} - 5$   
c) -1  
d) 1  
e)  $\sqrt{5}$

14. Теңдеулержүйесіншешіңіз:  $\begin{cases} x^2 - 3y^2 = 13 \\ xy = -4 \end{cases}$

- a)  $(-12; \frac{1}{3}), (-\frac{1}{3}; 12)$   
b)  $(-8; \frac{1}{2}), (-\frac{1}{2}; 8)$   
c)  $(-\frac{1}{4}; 16), (-16; \frac{1}{4})$   
d)  $(4; -1), (-4; 1)$   
e)  $(-2; 2), (-16; \frac{1}{4})$

15. Теңсіздікті шешіңіз:

$$\frac{x^2 - 2x - 48}{x + 3} \geq 0$$

- a)  $[-6; -3] \cup [8; +\infty)$   
b)  $[-6; -3) \cup [8; +\infty)$   
c)  $(-6; -3) \cup (8; +\infty)$   
d)  $[-8; -3) \cup [6; +\infty)$   
e)  $[-8; -3] \cup [6; +\infty)$


16. Теңдеулержүйесіншешіңіз:  $\begin{cases} x - y = 12 \\ xy = 108 \end{cases}$

- a)  $(-5; 4), (7; 8)$   
b)  $(20; 8), (-8; -20)$   
c)  $(-6; -18), (18; 6)$   
d)  $(15; 3), (-3; -15)$   
e)  $(36; 3), (-3; -36)$

17. Руслан үш тест бойынша 75; 88 және 90 ұпайжинады. Арифметикалық ортасы 85 болу үшін келесі төртінші тесттен қанша ұпайжинауы керек?

- a) 85                      b) 86                      c) 87  
d) 88                      e) 89

18. Егер квадраттың периметрі 32-ге тең болса, боялған бөліктің ауданы неге тең? Мұндағы 4бірдей шеңбер өзара жанасумен қатар квадратты жанайды.



- a)  $32 - 16\pi$                       b)  $64 - 16\pi$                       c)  $64 - 8\pi$   
d)  $32 - 4\pi$                       e)  $64 - 6\pi$

19. Есептеңіз:

$$\frac{(-1)^{2011} \cdot (-1)^{2012} + (-1)^{1991}}{(-1)^{7777} \div (-1)^{2030}};$$

- a) -2                      b) -1                      c) 1  
d) 2                      e) 0

20. Ықшамдаңыз:  $\cos^3 a + \sin^2 a \cdot \cos a$  ;

- a)  $\sin a$                       b)  $\cos a$                       c)  $\operatorname{tga}$   
d)  $\operatorname{ctga}$                       e) 1

21. Бөлшектің бөліміндегі иррационалдықтан құтылыңыз:

$$\frac{\sqrt{3}}{2 - \sqrt{3}};$$

- a)  $2\sqrt{3} - 3$   
b)  $2\sqrt{3} + 3$   
c)  $2\sqrt{3}$   
d)  $5\sqrt{3}$   
e)  $2\sqrt{6}$


22. Есептеңіз:  $\frac{10 + \frac{27}{5}}{5,1(3)}$ ;

- a) -3                      b) 4                      c) 1  
d) 3                      e) -4

23. Теңсіздікті шешіңіз:  $x^2 - x - 30 < 0$

- a) (-6;5)                      b) [-6;5]                      c) (-5;6)  
d) [-5;6]                      e) [-6;5]

24. Суретте келтірілген бейне әрқайсысының қырлары 1 см болатын алты ағаш кубиктің беттескен жақтарын желімдеу арқылы жасалған. Осы бейненің толық бетінің ауданы неше см<sup>2</sup> - қатен болады?



- a) 32см<sup>2</sup>                      b) 26см<sup>2</sup>                      c) 25см<sup>2</sup>  
d) 36см<sup>2</sup>                      e) 44см<sup>2</sup>

25. Көлемі 90л су қосындысының 10%-ы тұз. Құрамында 8% тұз болатын қосынды алу үшін қанша су қосу керек?

- a) 9л                      b) 19,5л                      c) 20,5 л  
d) 21,5л                      e) 22,5л



26. Егер оқушыларды партаға 5 адамнан отырғызса, онда 2 оқушыға орын жетпей қалады, ал 7 адамнан отырғызса, 2 парта бос қалады. Сыныпта қанша оқушы бар?

- a) 32                      b) 37                      c) 42  
d) 47                      e) 52

27. Арифметикалық прогрессияның бірінші мүшесі 120, алайырымы 40 екені белгілі. Осы прогрессияның алғашқы неше мүшесінің қосындысы 3000-ға тең?

- a) 10                      b) 14                      c) -15  
d) 15                      e) -14

28. Төменде келтірілген әр жолдағы сандар арасында белгілі бір заңдылық болса, x-тің мәнін табыңыз.



- a) 8                      b) 64                      c) 86  
d) 100                      e) 128

29.

Геометриялық прогрессияның он екінші және жиырма бірінші мүшелері сәйкес -81 және  $\frac{1}{243}$ . Прогрессияның алтыншы мүшесін табыңыз.

- a) 243                      b)  $-3^{10}$                       c)  $3^9$   
d)  $-\frac{1}{3}$                       e)  $-\frac{1}{9}$

30. Төрт оқушы: Талғат, Мақсат, Самат және Қайсар – жүгіруден жарысады. Келесі күні кім қандай орын алғаны сұралады. Оқушылардың жауаптары былай болды:

Талғат: Мен соңыншыда, бірінші де болған жоқпын.

Мақсат: Мен соңыншы болған жоқпын.

Самат: Мен бірінші болдым.

Қайсар: Мен соңыншы болдым.

Осы жауаптардың үшеуішін, ал біреуі жалған болса, кім бірінші келген?

- a) Талғат                      b) Мақсат                      c) Самат  
d) Қайсар                      e) Бәрі бірге.